



SARGAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №33 (95138) 22 тамыз 2025 ж.

• Президент Жолдауына - кең өріс

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында ұлт денсаулығын нығайтуға және азаматтарды әлеуметтік қолдау жүйесін қайта жандандыруға бағытталған кешенді шараларды жүзеге асыру міндетін қойды.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру аясында елімізде денсаулық сақтау саласын сапалы түрде жаңғыртуға бағытталған жүйелі шаралар кешені жүзеге асырылуда. Бұл жұмыс әрбір азамат үшін медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған. Басты мақсат — халықтың өмір сүру жасын ұзарта түсу. 2025 жылы 14 шілдеде міндетті медициналық сақтандыру мәселелері жөніндегі жаңа Заңға қол қойылуы маңызды қадамдардың бірі болды.

МӘМС жүйесі енгізілгеннен бері денсаулық сақтау саласын қаржыландыру көлемі үш есеге артты. Бұл халықтың жоғары технологиялық және қымбат қызметтерге қолжетімділігін кеңейтуге мүмкіндік берді.



Әділ жарна жүйесін енгізу: Әлеуметтік әділеттілік қағидатын сақтау үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударым жасалатын кірістің жоғарғы шегі алынып тасталады. Бұл тәсіл азаматтардың жүйеге үлесін олардың табысына сай етіп, сала бюджетіне жыл сайын қосымша 200 млрд теңгеге дейін қаржы әкеледі.

Мемлекеттік қаржыландыруды арттыру: Жеңілдікті санаттағы 11 млн азамат үшін мемлекет жарнасының

ЕЛІМІЗДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ САПАСЫ МЕН ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ

мөлшерлемесін кезең-кезеңімен арттыру көзделген. Бұл шара 2030 жылға қарай қаржыландыру көлемін 289 млрд теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Бірыңғай медициналық қызметтер пакетін қалыптастыру: 2027 жылдан бастап мемлекет кепілдік беретін тегін медициналық көмек көлемі (ТМККК) мен МӘМС пакеті арасындағы нақты айырмашылықты белгілейтін бірыңғай пакет енгізіледі. Осылайша әрбір азамат мемлекет кепілдік беретін қызметтерді және сақтандыру есебінен көрсетілетін қызметтерді нақты біле алады.



2024 жылдың қорытындысы бойынша елімізде өмір сүру ұзақтығы алғаш рет 75,4 жасқа жетті. Ана өлімі көрсеткіші 12%-ға төмендеп, тарихи минимумға жетті. Сондай-ақ неонаталдық өлім 20%-ға, сәби өлімі 11%-ға, ал бала өлімі 8%-ға азайды.

2024 жылы елімізде алғаш рет «Феталды медицина» инновациялық технологиясы енгізілді: 71 жатырышілік (ұрыққа) операция жасалып, нәтижесінде 96 нәрестенің өмірі сақталып қалды. Жаңа туған сәбилер хирургиясы да қарқынды дамуда — 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында туа біткен даму ақаулары бар 600 нәрестеге ота жасалды.

Елімізде әлемнің жетекші медициналық орталықтарымен қатар қоятын бірегей операциялар жасалуда.

Жүрек пен өкпені трансплантациялау, сондай-ақ бүйректің үшжақты айқаспалы трансплантациясы сияқты аса күрделі операциялар жасалады. Қазақстан осындай операциялар орындалатын әлемдегі алты елдің қатарына кіреді.

Ми ауруларын емдеуде «Гамма-пышақ» технологиясы қолданылса, онкологиялық дерттерге қарсы заманауи протондық терапия енгізілуде.

Инфрақұрылымды жаңарту бағытында ауқымды жұмыс жүргізілуде. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында жоспарланған 655 нысанның 538-і салынды.

Денсаулық сақтау жүйесінде кадрлық мәселелер де шешілуде. «Педиатрия» мамандығы қайта енгізіліп, өте тапшы 14 балаларды емдеу мамандығы бойынша резидентура ашылды.



Фармацевтика саласында 2029 жылға дейін отандық дәрі-дәрмек өндірісі үлесін 50%-ға жеткізу жөніндегі тапсырманы орындау бойынша шаралар қабылдануда. Баға қалыптастырудың ашықтығын арттыру мақсатында шекті бағаларды айқындау тетігі қайта қаралды: артық шығындар алынып тасталды және дженериктердің бағасы түпнұсқа препараттар құнының 30%-ына дейін төмендетілді. Тек «СҚ-Фармация» сатып алатын ең қымбат 20 дәрілік препарат бойынша ғана шамамен 18 млрд теңге

үнемделуі көзделуде. Жалпы алғанда, ТМККК және МӘМС жүйесі аясында шекті бағалар 19%-ға төмендейді, ал көтерме және бөлшек сауда сегменттерінде 30%-ға дейін төмендейді деп күтілуде.



Бұл қаражат терапияның қолжетімділігін кеңейтуге және сапасын арттыруға бағытталады. Сонымен қатар амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету тізімі оңтайландырылып, бұл өз кезегінде инновациялық препараттарды енгізу үшін қосымша ресурстар босатуға мүмкіндік береді.



Сонымен қатар саланың цифрлық трансформациясы жүргізіліп жатыр. Бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпараттық жүйе құрылуда. Қабылдаулар туралы жалған жазбалармен құресу мақсатында 2024 жылдың тамызынан бастап пациенттерді цифрлық сәйкестендіру жобасы («Цифрлық құжат» және Face ID арқылы) іске қосылды. Нәтижесінде негізсіз көрсетілген медициналық қызметтер көлемі 6%-ға (4,7 млрд теңгеге) азайды.

Сұранысы ең жоғары 8 медициналық анықтама түрі цифрландырылды: · 073/у «Көлік құралын басқаруға рұқсат беру», · 075/у «Медициналық анықтама», · 052-2/у «Баланың денсаулық паспорты», · 026/у «ДҚК қорытындысы», · 069/у «Санаторий-курорттық карта», · 076/у «Қару ұстауға рұқсат алу», · 038/у «Уақытша еңбекке жарамсыздық туралы анықтама».

Еліміздің өнеркәсіптік негізін құру

Еліміздің өнеркәсіптік негізін құру жөніндегі Президент тапсырмасын жүзеге асыру: өңдеу өнеркәсібі 2025 жылы 6,1%-ға өсіп, өндіріс көлемі 16 трлн теңгеден асты. Үкімет Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, еліміздің өнеркәсіптік берік іргетасын құру бойынша кешенді жұмыс жүргізіп келеді. Отандық тауар өндірушілерді қолдауға және өңдеуші саланы дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр.

Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев индустрияландыру нәтижелері өңдеу өнеркәсібінің тұрақты өсуін көрсетіп отырғанын атап өтті.

«Биылғы 7 айдың қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібі 6,1%-ға өсті, ал өнім өндіру көлемі 16 трлн теңгеден асты. Бұл жерде экономикадағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі 13,9%-ға дейін артқанын атап өткім келеді», — деді министр.

Отандық өндірістің өсуін ынталандыру мақсатында қаржылық қолдау құралдары пайдаланылуда.

«Біз жергілікті, отандық өндірушілердің өсуін ынталандыру мақсатында белсенді жұмыс жүргізіп жатырмыз: өңдеу өнеркәсібінің 115 жобасын қолдауға 500 млрд теңге бөлінді. Бұл "Бәйтерек" холдингі сияқты даму институттары арқылы жүзеге асырылды», — деп атап өтті Ерсайын Нағаспаев.

Сонымен қатар мемлекеттік сатып алуда отандық өндірушілерге басымдық берілді: 2025 жылдың 7 айында сатып алу көлемі 1,5 есеге өсіп, жалпы құны 1,2 трлн теңгеден асты.

Тағы бір маңызды қолдау құралы — қазақстандық тауар өндірушілердің бірыңғай тізілімі, ол сатып алудың ашықтығын арттырып, жалған өндірушілерді жоюға мүмкіндік береді. Оның іске қосылуы осы жылдың күзіне жоспарланған.

ТАҒАЙЫНДАУ



Сарқан ауданы әкімінің өкімімен Асылханов Бекжан Досымбекұлы «Сарқан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ басшысы болып тағайындалды.

Бекжан Досымбекұлы 1986 жылы туған, білімі жоғары. 2008 жылы Т.Рысқұлов атындағы Қазақ Ұлтық экономикалық университетін «қаржы» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2010 жылы Алматы облыстық ішкі саясат басқармасының бас маманы қызметінен бастаған.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігі Алматы облысы бойынша департаментінің бас маманы, консультанты, Алматы облысы әкімінің аппараты кадр бөлімінің бас маманы, бас инспекторы, Жетісу облысы әкімінің аппараты персоналды басқару қызметінің бас инспекторы лауазымдарын атқарған. Мемлекеттік қызметтегі өтілі — 15 жыл.



«Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі директорының м. а. Р. Калиевтың бұйрығымен Мәліков Мадияр Қанатұлы «Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-нің Сарқан аудандық филиал жетекшісі лауазымына тағайындалды.

Мадияр Қанатұлы 1999 жылы туған, білімі жоғары. 2020 жылы Қазақ спорт және туризм академиясын «Олимпиадалық спорт түрлері» бойынша оқу бітірген.

Еңбек жолын 2022 жылы "Астана" Олимпиадаға даярлау орталығында әдіскер қызметінен бастаған.

Мемлекеттік қызметтегі өтілі — 4 жыл.

Жетісуда «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» облыстық тамыз конференциясы аясында өңірдегі мұғалімдер, тәрбиешілер, әлеуметтік педагогтар, білім саласының дамуына үлес қосқан басқа да саланың қызметкерлері, демеушілер мен кәсіпкерлер, басым бөлігі білім мекемелеріндегі жұмысшы мамандар – жалпы саны 90 адам марапатталды. Талдықорғанда өткен конференция жұмысына облыс әкімі Бейбіт Исабаев, ҚР Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Насымжан Оспанова және өңірдің педагогтар қауымы қатысты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыс басшысының айтуынша, өңірде «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағына ие болған 6 педагог бар. Солардың арасында жетісулық ұстаз Ләззат Испанова күні кеше ғана Президент қолынан марапат алған болатын.

- Өркениетті, озық ел боламыз десек, ең алдымен ұстаздарға қолайлы жағдай жасап, олардың әлеуметтік мәртебесін көтеруіміз керек. Өйткені сіздер жас ұрпақты тәрбиелеп, мемлекеттің дамуына зор үлес қосып келесіздер. Осы еселі еңбектеріңіз үшін ұстаздар қауымына шынайы алғысымды білдіремін, - деген Бейбіт Исабаев бұдан әрі марапаттау рәсімін атқарды.

Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен Алакөл, Ескелді, Кербұлақ аудандары мен Талдықорған қаласының 5 педагогы, сол сияқты Жетісу облысы әкімінің Құрмет грамотасымен Ақсу, Көксу, Сарқан, Пан-

Жетісу облысына Тамыз конференциясы аясында білім мекемелерінің 90 қызметкері марапатталды



филов аудандары мен Текелі қаласының 5 педагогы марапатталды.

Бұдан бөлек, облыс әкімінің және Оқу-ағарту министрлігінің алғыс хаттары білім мекемелерінде еңбек етіп жүрген 60-тан астам жұмысшы маманға, сол сияқты білім беру саласының дамуына үлес қосқан басқа саланың 20-ға жуық қызметкеріне берілді.

- Біздің колледжде жиырма жылға жуық уақыттан бері жұмыс істеп келемін. Оның он жылында тазалық пен тәртіпке жауапты болдым, ал соңғы алты жылдан бері жатақхананың коменданты қызметін атқарамын. Төрт балам бар, отбасым үнемі қолдау көрсетеді. Бүгінгі таңда

мұғалімдермен қатар қарапайым еңбек адамдарының да еңбегі еленіп жатқанын көру - үлкен қуаныш. Себебі өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде әрқайсымыз өз үлесімізді қосып жүрміз деп ойлаймын, - деді ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Алғыс хатымен марапатталған Талдықорған индустриалды колледжінің жатақхана коменданты Бақытжан Әбеуова.

Талдықорған қаласындағы №2 балабақшаның аспазы Надежда Мамаева да осындай пікірде. Ол Тамыз конференциясында облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

-Менің аспазкәсібіме келгеніме 30 жылдан асты, соның ішінде Талдықорғандағы

№2 балабақшада жұмыс істегеніме 20 жыл. Еңбегіңнің еленгені мерейінді өсіреді. Бүгін облыс әкімі балаларға сапалы тамақ беруді ұйымдастырудың маңыздылығын атап өтті. Расында бұл - ұлт денсаулығына тікелей әсер ететін жайт. Сондықтан балаларымыз дәмді әрі пайдалы тағам ішіп-жесін деп жұмысыма барынша ыждаһатты қараймын, - дейді Н.Мамаева.

Марапатталушылардың бірі алакөлдік ұстаз да өзінің жылы лебізін білдірді:

- Бүгін Тамыз конференциясына қатысып шықтық. Жиында көптеген жақсы жаңалықтар айтылды. Менің педагогикалық еңбек өтілім 38 жыл, соның 16 жылында мектепті басқардым. Ұзақ жыл бастауыш сыныптың мұғалімі болдым. Бүгін «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісін алдым. Бұл мені жастарды тәрбиелеу жолында бұдан әрі де қажырлы еңбектенуге қанаттандырады, - дейді Үшарал қаласы Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясының директоры Галима Хасенова.

Атап өтсек, бүгін жыл сайынғы педагогтардың Тамыз конференциясы аясында Жетісуда білім саласын дамытудың өзекті мәселелері, атап айтқанда Президенттің алға қойған білім сапасын көтеру, инклюзивті оқыту, жас ұрпақты тәрбиелеу, оларды әлеуметтік кеселдерден сақтау, саланы цифрландыру және мұғалімнің мәртебесін көтеру міндеттерін іске асыру жолдарын талқылаған болатын.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Биыл Жетісу облысында 41 мыңнан астам оқушының мектепке жиналуына көмек көрсетіледі

Биыл Жетісу облысында 41 мыңнан астам оқушының мектепке жиналуына көмек көрсетіледі. Соның ішінде әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан 25 мыңдай балаға жалпы білім беру қорынан жәрдем жасалса, 16 650 балаға «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында қолдау көрсетілмек, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық білім басқармасының мәліметіне қарағанда, Жетісу облысында әлеуметтік жағдайы төмен отбасындағы 25 мыңдай балаға мектеп формасы мен кеңсе тауарларын алуға 1,1 млрд. теңге бөлінген. Бүгінгі күні аталған қаражат ата-аналардың жеке есеп шоттарына толығымен аударылды.

Сол сияқты облыста республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында тамыз айының алғашқы жартысында 8400-ден астам балаға көмек көрсетілді, атап айтқанда мектеп формасы, аяқ киім, кеңсе тауарлары берілді. Жалпы 16 650 бала көмекпен қамтылады деп жоспарланған. Қайырымдылық көмек шарасына кәсіпкерлер, этномәдени бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар т.б. белсене атсалысуда. Акция 30 қыркүйекке дейін жалғасады.

«Ата-аналардың нарықтағыдан төмен бағада мектеп формалары мен кеңсе тауарларын сатып алуы үшін арнайы мектеп жәрмеңкелері ұйымдастырылуда. Атап айтқанда, Талдықорған және Текелі қалаларында орталық арбатта, Көксу ауданында Балпық би ауылында Қабан жырау көшесі, 17-үйде орналасқан «Дастан» сауда үйінің алдында, Қаратал ауданы Үштөбе қаласында Желтоқсан көшесі, 1 мекенжайындағы «Бәйтерек» сауда үйінің алдында, Сарқан ауданы Сарқан қаласы Тынышпаев көшесіндегі орталық алаңда осындай жәрмеңкелер өтіп жатыр. Алдағы уақытта Ақсу ауданы Жансүгіров ауылындағы, Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылындағы орталық базарларда, Алакөл ауданы Үшарал қаласында Д. Қонаев көшесі, 73 мекенжайында орналасқан «Достық» сауда үйінің алдында, Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылы Момышұлы көшесіндегі орталық алаңда, Панфилов ауданы Жаркент қаласындағы мәдениет үйінің алдында мектеп жәрмеңкелерін ұйымдастыру жоспарда бар», - делінген облыстық білім басқармасының хабарламасында.

Жалпы, Жетісу облысы жаңа оқу жылын 130 мыңнан астам оқушымен бастаса, соның 13 мыңға жуығы бірінші сынып оқушылары болмақ.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Соңғы үш жылға Жетісу облысында 232 ауыл мектебінің материалдық-техникалық базасы нығайтылды

Жетісу облысының педагогтары Мемлекет басшысы жүктеген 5 міндетке басымдық бере отырып, білім беру саласының негізгі мәселелерін талқылады. Мәселен, соңғы үш жылда 232 ауыл мектебінің материалдық-техникалық қоры жабдықталды, сол сияқты 20 жаңа білім нысаны ашылып, 22 нысан күрделі жөндеуден өткен, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Талдықорған қаласында өткен педагогтардың «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбындағы тамыз конференциясында сөйлеген сөзінде өңір басшысы соңғы үш жыл ішінде білім саласына бөлінген қаражат көлемі артып, облыс бюджетінің 36%-ын құрағанын атап өтті. Қабылданған шаралардың басты мақсаты – білім сапасын көтеру.

Жиында ұрпақ тәрбиесі мен оларды әлеуметтік кеселдерден сақтау мәселесіне ерекше назар аударылды. Мәселен, соңғы екі жылда 108 мектепте әдеп-құқық жұмыс жөніндегі ментор штаты енгізілді. Облыста психологиялық қолдау орталығы ашылды. Биыл іске асырыла бастайтын «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында іс-шара жоспарлары әзірленіп, бұл іске ата-аналарының комитеттері тартылатын болады. Сол сияқты басқосуда білім беру үдерісіне цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні жедел енгізу мүмкіндіктері талқыланды.

Өңірде барлық орта мектептер интернет желісіне қосылған. Биыл интернет жылдамдығы төмен 43 мектеп «Starlink» технологиясы арқылы жоғары жылдамдықты интернетке қосылды. Барлық білім беру ұйымдары цифрлық білім беру платформаларын пайдаланады. Мектептерде 734 жаңартылған заманауи оқу кабинеті жұмыс істеп тұрса, биыл тағы 70 заманауи оқу кабинетін сатып алу жоспарланып отыр. Білім беру үдерісін қаржыландырудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында Талдықорған қаласындағы барлық мектепке дейінгі ұйымдар мен 100 мектепте «Әлеуметтік әмиян» жүйесі арқылы ваучерлік қаржыландыру енгізілді.

Сол сияқты мұғалімдердің мәртебесіне арттыру мәселесі де сөз болды. Атап өтсек, еңбек нарығының қажеттілігіне қарай сұранысқа ие мамандықтарға соңғы үш жылда жергілікті бюджеттен 300-ден астам білім беру гранты бөлінсе, оның 104-і педагогикалық мамандыққа берілді.

Осы күні Б. Римова атындағы драма театр фойесінде білім саласындағы қолға алынған жобалар мен жеткен жетістіктер таныстырылған көрмені облыс әкімі Бейбіт Исабаев тамашалап, жоба иелерімен тілдесті. Бұл ретте менторлық жобаға, психологиялық қызметті ұйымдастыру, білім саласын түрлі бағытта цифрландыру жобалары, соның ішінде кәсіптік бағдар, материалдық-техникалық базаны нығайту, оқу процесіне жасанды интеллектіні енгізу де қамтылды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



ЕЛДІГІМІЗДІ ЕҢСЕЛІ ЕТКЕН - АТА ЗАҢ

Қазақ елі – ықылым замандардан бері еркіндік пен елдік үшін күрескен халық. Ұлы дала төсінде ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен мемлекеттігін қалыптастырған, хандар мен билердің шешімімен тағдыр таразысын тең ұстаған жұрт. Елдің іргесі сөгіліп, жұрттың берекесі кеткен тарғыл тағдырлы жылдарда да ұлттың санасынан егемендік ұғымы өшкен емес. 1991 жылдың желтоқсанында тәуелсіздігін жариялаған қазақ жұрты үшін 1995 жылдың 30 тамызында заң жүзінде азаттығын айғақтайтын, мәртебесін айшықтайтын құжаты қабылданды. Бұл күн – ел болмысының тамырына қан жүгіртіп, келешекке көз тігуге мүмкіндік берген ұлы меженің бастауы еді.

– бәрі де осы бір қасиетті құжаттың тамырына қан жүгірткен, қайнары болған тарихи негіз. Сондықтан да, бұл заң – заманның заңы ғана емес, бабалардың аманатын арқалаған, ата-баба өсиетін ұрпаққа мирас етіп жеткізген ғаламат жәдігер. Бұл – қай кезде де қараша халыққа қорған болған, ел ішінде әділет пен ынсаптың дәнін сепкен рухани

заңғар. Ол ел ішінің ынтымағын, бірлігін бекемдейтін киелі құндылық, елдің ертеңіне көз тіккен кемел құжат.

Биыл ел тағдырын айқындаған, елдік негізді бекемдеген сол Ата заңымызға – 30 жыл! Бұл – бір адамның ғана емес, тұтас бір ұлттың ғұмырымен пара-пар уақыт. Отыз жыл ішінде еліміз сан түрлі сындардан өтті. Қара бұлт торлаған

тоқсаныншы жылдардың тар жол, тайғақ кешуінен бастап, ХХІ ғасырдың жаһандық дүрбелеңдеріне дейін, еліміздің еңсесі тіктеліп, іргесі бекіді. Отыз жылда Ата заңымыз – кемелденген қоғамның темірқазығына, түрлі реформалардың бастауы мен бағдарына айналды. Осы отыз жылда еліміз сан салада толайым табысқа жетіп, халықаралық аренада беделіміз биіктеп, айымыз оңынан туды. Оның арқасында ел ішінде заң үстемдігі орнап, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары нақты айқындалып, халықтың мемлекетке деген сенімі нығая түсті. Бұл – тарихтың тезінен өткен, замана сынынан сүрінбей шыққан Конституцияның өміршеңдігі мен тұғырлылығының айғағы.

С. ЕРЖАНОВ,
Сарқан ауданы тарихы музейінің қор сақтаушысы.

Былыр Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен бастау алып, бүкіл елаумағында жалғасқан кең ауқымды шараға айналған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясының негізгі мақсаты – табиғатты тазарту ғана емес, халық арасында жаңа экологиялық мәдениет қалыптастыру болатын. Мемлекет басшысы қолдаған бұл игі істі қоғамның барлық өкілдері, әсіресе жастар жағы жылы қабылдап, жаппай атсалысты. Нәтижесінде аз ғана уақыт ішінде миллиондаған қазақстандықтар тазалық шараларына үлес қосып, туған өлкесінің экологиясын жақсартуға өз қол ұшын созды.



Туған өлкемізді таза ұстайық

Биыл акцияның ауқымы кеңіп қана қоймай, оның мазмұны да байи түсті. Еліміздің әр түкпірінде тазалық жұмыстарын жалғастырумен бірге, экологиялық мәдениетті насихаттауға арналған экологиялық фестивальдер, байқаулар, сан түрлі шаралар қолға алынды. Аталмыш жұмыстар сөзсіз өз жемісін береді. Ең алдымен олардың тәрбиелік мәні зор екендігін атап өткеніміз жөн.

Мемлекет басшысы - «Таза Қазақстан» – тек қоршаған ортаның тазалығы емес, ой мен сана тазалығын сақтау деген сөз. Себебі қоғамдық әдеп пен заңға деген құрмет айналадағы тазалықтан басталады. Ең алдымен Қазақстанның таза, көрікті болғаны біз үшін, яғни халық үшін керек, – деді.

Осы орайда мына бір көңілге қаяу салған жайттар еске түседі. Ұлтжанды адамның бір қыры ол өскен еліне, туған жеріне жаны ашитын, оның келешегіне бей-жай қарамайтын, парасатты адам. Менің түсінімде, санамда солай. Соңғы жылдары ұлттық киімдерімізді киіп, көкпар шауып, бәйгеге қатысатын қазақ жастарының көбейгендігін көріп қуанатынмын. Жақында солардың біреуімен сапарлас болудың сәті түсті. Көкпарға шабатын атын жеткізіп беруге келіскен мен жолшыбай мәнді, мағыналы әңгіме күткенім рас. Жоқ, қазақы киім киген жолсерігім екі бұты екі жақта, телефондағы біреумен дарақы сөйлеп, ыржалаңдап күлумен болды. Онымен қоймай жолда дүкеннен алған сусындарының босаған ыдыстарын терезеден лақтырумен болды. Дана адамдар біздің әрбір іс-әрекетіміз, ойымыз жастай алған тәрбиемізге тығыз байланысты дейді. Адамның санасы сөйлеген сөзінен байқалады екен. Бірдеңе айтайыншы дедім де, саналы тіршілік иесінің санасыз іс-әрекетіне қайран сөзімді қор қылмадым. Талай жылғы көргені, алғаны мен бойына сіңіргені сол болса тап қазір менің айтқан ақылым өсер ете қоймас деп іштен тындым.

Көктем және күз айларында жер жерде тазалық шараларының белең алатындығы баршамызға белгілі. Аудан орталығындағы сенбіліктерге қалалық әкімшіліктің арнайы мамандары ғана емес. мекеме-бөлімдердің қызметкерлері де жұмылдырылады. Көше бойлай өсіп кеткен өскіндері, күл-қоқыстарды көргенде кейде аулаларға кіріп тұрғындарға ескерту жасаймыз. Бірде қақпасының алдын құрай басқан мекен-жайға кіріп, үй иесіне ескерткеніміз сол еді, бетімізге қарады да «сол жұмысты сіздер жасамайсыздар ма? Сіздер не үшін жүрсіздер» дегені. Барынша байыппен айтқан түсіндіруімізді ұқса да ұқпағандай сыңай танытқан сол тұрғынды есіме алған сайын хәкім Абайдың «қайнайды қаның, ашиды жаның мінездерін көргенде» деп шарасыздықтан айтқандарын еріксіз қайталаймын. Қайталаймын да жастай берілген тәрбиенің болашақта адамның іс-әрекетіне, болашағына, мінез-құлқының қалыптасуына қаншалықты зор әсер ететіндігін мойындаймын. «Жаста берген тәрбие жас шыбықты игендей» деп сан ғасырлық өмірлік тәжірибені дана халқымыз босқа айтпаса керек.

Шамдарды сындырып, қоқыс жәшіктерін майыстырып, көпшілік игілігіне арналған дүниелерді бүлдіріп кететіндер өлі де азаймай тұр.

Бұл турасында Президентіміз «Біз өз елімізді мақтан тұтуға тиіспіз. Мейлі ол көше, аула немесе үйлердің кіреберісі болсын, бәріне ұқыпты қарауымыз қажет. Вандалдармен табанды түрде күресу керек. Сондай-ақ олардың заң жүзінде қатаң жазаланатынын айттым. Әр нәрсенің шегі бар. Елімізде тәртіп болуы керек. Заңды қатаң сақтау қажет» деуі орынды. Алдын алу мен жазалау жұмыстары бірге жүргені дұрыс сияқты.

П.ЖЕҢІСХАН.

Мектеп рюкзактарын қалай таңдауға болады?

Жаңа оқу жылына арналған негізгі сатып алу-мектеп рюкзактары. Ол әр түрлі ауа-райына төзімді және қажет нәрсенің бәрін сақтау үшін оны мұқият таңдау керек.

Мектеп сөмкелері әр түрлі болады:

1. Сөмке – қатты денесі және қатты арқасы бар. Артқы жағында ұстау үшін иық белдіктері қолданылады. Қатты жақтаудың арқасында рюкзак арқаңызды тік ұстауға көмектеседі, бұл бастауыш мектеп жасында ерекше маңызға ие. Сондықтан мұндай модельдер бастауыш мектепке ұсынылады.

2. Рюкзак-иық белдіктері бар қатты корпус жоқ. Қатты жақтаудың болмауына байланысты 5-ші сыныпқа дейін емес, егде жаста ұсынылады.

3. Портфолио-артқы жағы қатты, бірақ иық белдіктері жоқ. Оның орнына-тасымалдау тұтқасы. Бұл опция 9-11 сыныптарға жарамды.

4. Сөмке-бұл қатты және жұмсақ денелі болуы мүмкін әмбебап нұсқа. Тасымалдау үшін белдіктерді де, тұтқаны да қолдануға болады.

Көбінесе ата-аналар рюкзактарды немесе сөмкелерді әмбебаптығына, ыңғайлылығына және арқадағы салмақтың ыңғайлы таралуына байланысты сатып алады. Ең бастысы-қатты немесе жұмсақ денені таңдау керек. Сізге дұрыс модельді қалай таңдауға болатынын және қандай критерийлерге назар аудару керектігін айтамыз.

Мектеп рюкзактарының өлшемдері

Мектеп рюкзактарының сипаттамаларын зерттегенде, ең алдымен өлшемге назар аударыңыз. Ол баланың өсуіне және оның құрылымына сәйкес келуі керек, сонымен қатар барлық қажетті заттарды орналастыруы керек.

Рюкзактың өлшемі дұрыс, егер үстіңгі жағы иық деңгейіне сәйкес келсе, ені баланың арқасынан үлкен емес, ал төменгі бөлігі бел деңгейінде. Бұл ең жақсы нұсқа, бірақ оны табу әрдайым мүмкін емес, әсіресе қысқа бойлы бастауыш сынып оқушыларына қатысты.

Мектеп рюкзактарының салмағы

Бұл параметр маңызды, себебі ол баланың денсаулығына тікелей әсер етеді. Мектеп сөмкесі неғұрлым жеңіл болса, соғұрлым жақсы деп саналады. Бірақ бірінші сынып оқушысы үшін салмағы бір килограммға жуық, салмағы 0,5 кг жұмсақ сөмкеге қарағанда ыңғайлы және қауіпсіз сапалы арқасы бар сөмке, "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес балансты сақтау маңызды, яғни 1-3 сынып оқушысына арналған жиынтық 1,5-2 кг аспауы керек. Ал 4 - 5 сынып оқушылары үшін- 2,0-2,5 кг; 6-7 сынып-3,0-3,5 кг. Тіпті жоғары сыныптарда да оқулықтары бар сөмкенің салмағы 4-4,5 кг аспауы керек.

Эргономика

Мектепке арналған сөмкені сатып алу кезіндегі критерийлерге мыналар кіреді:

– заттарды сақтаудың ойластырылған

жүйесі;

- ішкі кеңістікке ыңғайлы қол жетімділік;
- планшетті, смартфонды, құжаттарды және тіпті көзілдірікті қауіпсіз кию мүмкіндігі;
- қалталары жеткілікті ұйымдастырушы.

Мұның бәрі және басқа да пайдалы нәрселер рюкзактың қаншалықты эргономикалық екенін, яғни оның қаншалықты ыңғайлы және тиімді екенін анықтайды. Сондықтан, балалар рюкзактарын таңдағанда, оны мұқият тексеріп, бөлімдердің санына, жеке бөлшектерге назар аудару керек. Сатып алудан бұрын қанша дәптер мен оқулықтар сиятынын елестетіп көріңіз, кеңсе керек-жарақтары мен қосымша сыртқы қалталардың бар-жоғын тексеріңіз, баланың ішкі кеңістікте жүруіне қаншалықты ыңғайлы болатынын, ыңғайсыз дизайннан бірдеңе жоғалту қаупі бар-жоғын тексеріңіз.

Тозуға төзімділік

Рюкзак-күнделікті қолданылатын зат. Бұл балалар өнімі екенін ұмытпаңыз, сондықтан оны өте мұқият өңдеу екіталай. Тиісінше, тозуға төзімділік мектеп сөмкесін таңдаудағы маңызды критерий болып табылады және сіз материал мен жабдықтың сапасына ерекше назар аударуыңыз керек.

Жыртылуға және механикалық тозуға төзімді тығыз матадан жасалған модельдерді таңдаңыз. Қамалға назар аударыңыз, ол берік болуы керек. Егер сөмке ашық түсті болса, матаның күнге күйіп кетпеуі үшін ультракүлгін сәулелерден қорғаныс бар-жоғын тексеріңіз. Мұндай бөлшектерге назар аудару бірнеше ай сайын жаңа сөмке сатып алу қаупін азайтады.

Суға төзімділік

Баланы кез-келген ауа-райында сабырлы түрде мектепке жіберу үшін және кітап, дәптері ылғалданады деп алаңдамау үшін суға төзімді модельдерді таңдаңыз. Мұндай рюкзактар су өткізбейтін сіңдірумен өңделеді, сондықтан олар ішкі кеңістікті жаңбырда немесе қарда да, кездейсоқ төгілген сұйықтық жағдайында да қорғайды.

Артқы жағы

Маңызды элементтердің бірі-қалың жастықтары бар тығыз негіз болып табылатын ортопедиялық арқа. Бұл бастауыш сынып оқушылары үшін ең жақсы нұсқа.

Тексеру маңызды:

- артқы жағы өз салмағымен бүгілмейтін тұрақты пішінге ие болды;
- сөмкенің мазмұны арқаға тірелмеген.

Егер осы критерийлер орындалса, онда артқы жағының пішіні мен дизайны маңызды емес. Дұрыс таңдалған мектеп рюкзактары балаға заттарды сақтауды ұйымдастыруға көмектеседі және баланың омыртқасына зиян тигізбейді. Таңдау кезінде дизайнды ескеріп, оқушымен кеңесуді ұмытпаңыз - өйткені оған күн сайын сөмке кию керек, оны қуана-қуана жасау маңызды.

Р.ОРЫНБЕКОВА,
Сарқан аудандық СЭББ жетекші маманы.

"Ақынның ұрпақтары жайлы бірер сөз..."



Ілияс анасынан ерте жетім қалып, әкесі Жансүгір мен атасы Берсүгірдің тәлімін көрді. Екеуі де өнерге бейім жандар еді. Әкесінен хат таныған Ілияс кейін Мамания мектебінде білімін жалғастырып, рухани кемелденген тұлға болып қалыптасты.

Суреткер ақын төрт рет шаңырақ көтерген. Бірінші әйелі – Жәмила. Жергілікті байдың қызын Ілиясқа әкесі айттырыпты. Алайда екі жастың отбасылық ғұмыры ұзаққа созылмады. Бұл некеден бала жоқ.

Белтоған ауыл мектебінде сабақ беріп жүрген кезінде, екінші жары Аманшаны кездестіреді. Ілияс Мәскеуге оқуға аттанғанда, Аманша жүкті болған. Бірақ, әйелдің денсаулығы сыр беріп, толғақ кезінде дүние салған. Суыт хабар ақынға жетпеген. Кезекті бір оқу демалысында Ілияс сыйлығын алып, ауылына жол тартады. Жолшыбай Алматыдағы жолдастарымен жолыққан. Сол жерде достары оған Аманшаның дүние салғанын естіртеді. Жан жарының қазасы ақынға ауыр тиген.



Аманшадан кейін Ілияс Жансүгіров Батима Төребаевамен танысады. Батима Ілиястан он сегіз жас кіші болған деседі. 1930 жылы 21 ақпанда ақынның тұңғыш ұлы Саят дүние есігін ашты.

"Әкем Ілияс зор тұлғалы, балуан денелі кісі болатын. Отбасында кішігірім отырыстар болып, қонақтар келгенде әкем жанға жайлы қоңыр даусымен домбыра тартып, ән салатын. Алматы қаласындағы Төлебаев көшесінің бойында орналасқан шағын үйде әкем Ілияс Жансүгіров, анамыз Батима Төребаева, қарындасым Сайра төртеуіміз және атамыз Жансүгір бәріміз бірге тұрғанбыз", - деп еске алған еді Саят Жансүгіров сұқбаттарының бірінде.

Ілияс Жансүгіровтің тұңғышы Саят Ілиясұлы Мәскеудегі Түсті металдар және алтын институтын жоғары білімді тау-кен инженері мамандығы бойынша бітірген. ҚР еңбек сіңірген геолог, ұлт әдебиеті мен тарихының жанашыры.

Саят Жансүгіров әкесі Ілиястың жазбаларын қазақ тілінен орыс тіліне аударып, баспа беттеріне жариялады. Ол әдебиет саласына кеш келді. Тау кен институтында лабораторияда қызмет етіп, ғылым кандидаты болып, зейнетке шыққаннан соң, қолына қалам алып, әкесі туралы

Ілияс Жансүгіров – Қапал-Ақсу атырабының ғана емес, күллі Жетісу өлкесі мен алты алаштың мақтанышына айналған біртуар тұлға, ұлттық мәдениетімізде орны бөлек, қайталанбас ақын.

Оның бүкіл елге танылуы – туған жерінің қасиетті топырағы мен өскен ортасының рухани әлеуетіне тікелей байланысты. Жетісудың көркем табиғаты мен құнарлы топырағы, сондай-ақ Қапал уезінің Ақсу болыстығында қоныстанған елдің өнерге жақын салты ақынның қалыптасуына ерекше ықпал етті.

естеліктер жазуды бастады. Әкесінің өтірік өлеңдерінің бір шоғырын аударды. Одан басқа, әкесі туралы жазылған мақалаларды да орыс тіліне аударып, авторымен бірге орыс тілді басылымдарда жариялады. Техника ғылымдарының кандидаты Саят Жансүгіров 91 жасына қараған шағында өмірден озды.

Тұңғыштарынан кейін Сайра есімді қыз өмірге келді. Сәби көп ұзамай шетінеп кетті. Ерлі-зайыптының шаңырағы ұзаққа бармай, 1932 жылы Ілияс пен Батима ажырасып кетеді.

Ақын төртінші рет қоғам қайраткері Біләл Сүлеевтің бұрынғы әйелі Фатима Ғабитовамен отау құрады. Ілияс Фатимаға бұрыннан ғашық болыпты. Жансүгіров Біләл Сүлеевтің балаларын асырап, оларды сүйіп тәрбиелеген. 1933 жылы Ілияс пен Фатиманың қызы Үміт Жансүгірова дүниеге келді. 1935 жылы Ильфа Жансүгірова, ал 1937 жылдың 16 қарашасында Болат Ілиясұлы Ғабитов туған. Фатима Ғабитова

"журналист болып істеді, сосын қамауға алынды, атылып кетті" дейді. Одан басқа әкеміз туралы ешнәрсе білмедік. Не кітаптарын, не жазған өлеңдерін де оқымадық. Ол уақытта қиын заман еді. Әкеміз туралы біреуге бір нәрсе айтып қалсақ, онда өзімізді түрмеге қамайтын заман еді", - деп еске алған еді қаламгердің қызы Ильфа Ілиясқызы.

Болат Ілиясұлы Ғабитов-Жансүгіров 1937 жылы қараша айында дүниеге келген. ҚазМУ-дің геология география факультетіне оқуға тсүеді. Алайда, ол әке жолын қуып, қалам тербеткен соң, техникалық мамандықтан кейін Мәскеуге оқуға кетеді. Горький атындағы әдебиет институтында оқып, дипломдық жұмысының алғашқы бөлімінде әкесінің «Жолдастар» атты әңгімесін қарастырады. Мамандығы кинорежиссер.

Жетісуымыздың дүл-дүлақынының негізгі ұрпақтары қазіргі таңда қайтыс болған. Немере, шөберелері ақын жолын жалғастырып келеді. Соның бірі Ильфа Ілиясқызының қызы –



Дина Алдабергенова. Қазіргі таңда көптеген әндердің, өлеңдердің авторы. Ақынның шөбересі Юлия Брукская да атасының жолын қуған ақын. Көбіне орыс тілінде өлең жинақтары жарық көрген.

Қорытындылай келе, музей ұжымы үшін ұлы тұлғаның ұрпақтарымен тығыз қарым-қатынас жасап, байланыс орнату – үлкен құрмет әрі парыз. Бұдан бөлек Ілияс Жансүгіров әдеби музейінде ақынның ұрпақтарына арналған арнайы экспозициялар бар. Онда ақын балаларының өздері қолданған жеке заттары, суреттері, естелік жәдігерлері қойылған. Ақын ұрпақтары да музейімізге келіп, өз ізгі тілектері мен баталарын беріп отырады.

Көзі тірісінде Саят Ілиясұлы жыл сайынғы «Жансүгіров тағылымы» фестиваліне қатысып, ат басын бұрып, арнайы музейімізге келіп, әкесінің рухына тағзым ететін.

Сонымен, ақын Ілиястың отбасына, балаларына деген сүйіспеншілігі ерекше болды. Өзінің ақындық шеберлігін отбасы арқылы таныта білді десек артық болмас. Тіпті балаларына арнап өлеңдер шығарды. Ұрпақтары да білімді, үлгі тұтар азамат пен азаматшалар болып қалыптасты, қоғамға өз үлестерін қосып, Ілияс Жансүгіровтің есімін халық жадында мәңгі сақталып қалуына әсер етті.

**Аида ҚҰНАНБАЙҚЫЗЫ,
І.Жансүгіров әдеби музейінің
аға ғылыми қызметкері.**



мен Ілияс Жансүгіров бес-ақ жыл отасты.

Үміт Ілиясқызы 1933 жылы дүниеге келген. Дәрігер, әкесінің музейін ұйымдастырушы, Ілияс Жансүгіровтің мерейтойларының өтуіне, кітаптарының жарық көруіне, шығармаларын насихаттауға үлкен еңбек сіңірген. Ілиястың «Үмітке» атты өлеңі осы қызына арналған.

Ильфа Ілиясқызы Жансүгірова-Жандосова 1935 жылы дүниеге келген. Педагог, көп жылдар бойы мұғалімдік қызмет атқарған. «Ілияс Жансүгіров» қоғамдық қорын басқарған. "22 жасыма толғанша, әкемнің кім екенін білмедім. Анамыз Фатима Ғабитова әкемізді сұрасақ,



•**Ғайып - ғұмыр**



**Ол өмірден өткелі күндер сырғып, ай алмасты.
Ай өтті сендік жүрек тоқтағалы,
Ниеттес тілеулестер жоқтағалы.
Жамандардың артында сөз борайды,
Жақсылардың артында от қалады.
Ол тірлігінде төңірегіне танымал еді, тірлік сапары шек-
телгенде айналасы аза тұтты, алыс - жақыннан келген дос
- жарандары азаматтығын айтып тауыса алмай,топырақ
салуға асыққан жұрттың қарасы көп болды.**

Мәңгілік кімге жазған тірлікті Алла...

Достарына адал, туыстарына бауыр-мал, еліне деген сүйіспеншілігі ересен еді. Жастайынан көшбасшылығымен ерекшеленді. Ата - анасының ізгі қасиеттерін бойына сіңірді. Сондықтан болар өзі еңбек жолын бастаған ұжымын ұзақ жылдар басқарды. Жауапкершілігі мол азамат өтпелі кезеңде Лепсі әкімшілігінің тізгінін қолына алды. Қисайғанды түзетем, елдің бірлігін күзетем деп ұйқы - күлкіні ұмытқанының нәтижесін елі - жұрты көрді.

Сарқан ауданының Құрметті азаматы Кеңес Базыкенұлы Сердалиновтың туған жерге деген сүйіспеншілігі қолға алған барлық ісінен көрініп тұратын. 1952 жылы 12 желтоқсанда Лепсіде дүниесігін ашып, Лепсідегі теміржол мектебін бітіріп, еңбек жолын Лепсі мұнай базасынан бастаған Кеңес Базыкенұлының бүкіл ғұмыры туған жерімен тығыз байланысты.

«Алтын-күміс жауған жерден туған жер мың есе артық» дейді халық даналығы. Расында да өзге елдің оты өз елінің түтініне татымайды. Шөл далаға нәр әкелемін деп талпынатын Лепсі өзенінің жағасында балалық шағы өткен Кеңестің туған жер дегенде жүрегін бақыт пен шаттық сезімі билейді. Қара шаңырақтан теміржол мектебіне дейінгі сүрлеу жадында жатта-

лып қалған. Жыл сайын осы сүрлеумен жүріп кейіннен өзінің даңғыл жолын тапты. Өмірі еңбекпен өрілетінін сезгендей бала күнінен шаруашылыққа бейім болды. Мектептен соң қарапайым оператордан басталған еңбек жолы арнайы оқу арқылы биіктеп, Лепсі мұнай базасының инженері болды. Сегіз жылдай Бөрлітөбе аудандық ДОСААФ комитетін басқарып, 1981 жылы Лепсі ауылында Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арнап монумент қойылды. ДОСААФ комитетінің төрағасы Кеңес Базыкенұлының ұйымдастыруымен Черкасск қорғанысынан арнайы от-алау алынып, мотоцикл жүргізушілері алауды сол жылдардағы Бөрлітөбе аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Қажымұқан Есімхановқа тапсырғаны жұртшылықтың жадында.

1986 жылы өзіне етене мұнай базасына инженер болып қайта оралған оның іскерлігін, ұйымдастырушылығын бағалаған басшылық Лепсі мұнай базасының директорылығына тағайындады. Осынау жауапкершілігі мол жұмысты абыроймен атқарған Кеңес ағамыз тәуелсіздіктен кейінгі өзгерістерге

байланысты «Лепсі мұнай өнімдері» акционерлік қоғамның президенті атанды. Осы жылдары тек Бөрлітөбеге ғана емес, көршілес аудандарға игі ықпалын тигізді. Шаруа қожалықтарын мұнай өнімдерімен қамтамасыз етті. Ауылдағы барлық ізгі ниетті іс-шараларға демеуші болды. 1993 жылы ұлы композитор Мұқан Төлебаевтың 80 жылдығына орай мұражайға жәдігерлер жинастыруда Кеңестің еңбегі зор болғандығын сол жылдардағы мұражайдың директоры Қажыбай Дүйсенбеков жиі айтып отыратын. 1993-1994 жылдары көпшіліктің көмегімен киелі тәуіп атамыз Көтенәтөіп Қоңырбайұлының кесенесін салудың көш басында Кеңес Сердалинов жүрді. 1996 жылы тамыздың 2-сінде Ауған соғысында қаза тапқандарға ескерткіш қойылды. Осы ескерткіштің орнатылуына Ауған соғысы ардагерлерінің төрағасы Сайлаукез Ахмолдановпен бірдей Кеңес Базыкенұлы үлкен үлес қосты. Сол жылы біздің кейіпкеріміздің тікелей атсалысуымен совет әскерлерінің Ауған шекарасынан шыққанының 20 жылдығына орай №54 орта мектептің түлектері, Ауған дала-

сында шәйіт болған Төлеубек Төкенұлы Ермекбаев пен Сабыржан Сабыркенұлы Байтлеуовке сол мектепте белгітақта орнатылды.

Кеңес Базыкенұлы 1998-2014 жылдар аралығында Лепсі ауылдық округінің әкімі болып өзі ертеден жақсы білетін жерлестерінің мұң-мұқтажын бөлісіп, елді мекеннің еңсесін көтеруіне білек сыбана атсалысты. 2008 жылы Түркістан-Сібір теміржолының 80 жылдығына орай Ақбалық теміржол айырығында Құрметті теміржолшыларға мәрмәрдан тақта

қойылды. Осы істің басы-қасында жүрген ауыл әкімі елінің ертеңі үшін атқарылған барлық шаралардың ұйымдастырушысы – ұйытқысына айналғанын жерлестері айтып тауыса алмайды.

Кеңес аға зайыбы Нүрилә екеуі 4 баласына тәлім-тәрбие беріп өсірді. Айнұр, Серік, Берік, Ержан жеке шаңырақ көтеріп, ата-анасына 14 немере, 2 шөбере сүйгізіпті.

Зейнет демалысына шыққан соң да жиналыстарда елінің еңсесін тіктеуге бағытталған ұсыныс - тілектерін бүгіп қалмайтын. Жаманатты болмайын деп бұғып қалатындардың қатарынан емес еді. Жақсы істердің жанашыры ретінде жұртшылықтың оны іздейтіні де сондықтан.

Мәңгілік кімге жазған тірлікті Алла, Өмір мәнін ойлайсың мұң жұтқанда. Сен тірісің қара орман жұртың барда, Сен тірісің адалдық, шындық барда. Бақұл болыңыз, Кеңес аға! Жылдар өтер, жерлестеріңіз сізді іздейді әлі... Есіміңізді ескеріп, жаңғыртатын кез келеді. Сіз ұмытылатын адамдар санатынан емессіз...

Жомарт ИГИМАН.

Абай ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ туғанына 180 жыл Абай мұрасы - мәңгілік қазына

"Жанұя отбасын қолдау және белсенді ұзақ өмір сүру" орталығында Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы кең көлемде аталып өтті.

Қазақ халқының ұлы ойшылы, ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының туғанына биыл 180 жыл толып отыр. Осы айтулы датаға орай еліміздің түкпір-түкпірінде рухани-мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып жатқаны белгілі. Соның бірі – "Жанұя отбасын қолдау және белсенді ұзақ өмір сүру" орталығында өтті.

Аталған орталықта құрметті демалыстағы ардагерлер Абай мұрасына тағзым етті. Шара барысында ұлы ақынның өлеңдері оқылып, қара сөздерінен үзінділер келтірілді. Ардагерлер Абайдың әндерін нақышына келтіре орындап, тыңдаушыларға рухани әсер сыйлады.

Мақсаты – ұрпаққа Абай мұрасының мән-маңызын жеткізу, даналық пен парасаттылыққа толы еңбектерін насихаттау. Ардагерлер Абай шығармашылығы арқылы тәрбиелік мәні зор ойларымен бөлісіп, өмірлік тәжірибелерімен де жастарға үлгі бола білді.

Іс-шара барысында сөз алған орталық қызметкерлері мен қатысушылар Абай Құнанбайұлының еңбектері – ұлттық болмысымыздың айнасы екенін атап өтті. Оның адамгершілік, әділеттілік, білім мен еңбек туралы идеялары бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтпаған.

– Абайдың әрбір өлеңі – тұнған тәрбие, терең философия. Біз оны ұлықтау арқылы жастардың санасына рухани құндылықтарды сіңіреміз, – деді орталықтағы қызмет алушы ардагерлер.

Бұл кездесу тек Абайды еске алу емес, сонымен қатар ұлт руханиятына деген құрметтің көрінісі болды. Абай – бір дәуірдің ғана емес, бар қазақ халқының рухани темірқазығы. Осындай игі іс-шаралар арқылы біз ұлы тұлғаның асыл мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе аламыз.

Е.БИЛЕШБАЙ,

"Жанұя отбасын қолдау" орталығының маманы.

ДРОН - егін алқаптарында

Өмір өзгерістерге толы. Жағымды жаңалық барлық салаларға тән десек те ауылшаруашылығындағы көзіміз көріп, көңілімізді өсіріп жүрген оңды өзгерістерге назар аудармау мүмкін емес. Біздің Сарқан ауданында ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту қарқынды жүргізілуде.



Биыл өңір шаруалары жалпы құны 1 млрд 2 млн 920 мың теңгеге 57 дана жаңа техника сатып алды. Жағымды жаңалықтар туралы айтқанда егін шаруашылығына заманауи технологияны белсенді енгізіп жүрген Черкасск ауылдық округіндегі "Еремеев" шаруа қожалығын атап өткеніміз орынды. Соңғы жылдары қожалық алқаптарды өңдеу кезінде арнайы ауыл шаруашылық дрондарын тұрақты пайдалана бастады.



Бағасы шамамен 9 млн. теңге тұратын бұл техника сұйық тыңайтқыштар мен өсімдікті қорғау препараттарын дәл әрі біркелкі шашуға арналған жүйемен жабдықталған. Арнайы ыдыс дәрілік қоспалар мен витаминдерді жеткізуге бейімделген.

Қазіргі уақытта қожалықта ХАG Р100 маркалы дрон қолданылады. Ол 50 литр сұйықтық немесе 50 килограмм құрғақ зат тасымалдай алады. 10 метрге дейінгі өңдеу жолағын қамтып, сағатына шамамен 28 гектар жерді

өңдейді. Автопилот жүйесі спутник арқылы басқарылып, жоғары дәлдікпен жұмыс істейді.

Мамандардың айтуынша, мұндай технология еңбек өнімділігін арттырып қана қоймай, шығынды азайтуға және өнім сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Дронның көмегімен тыңайтқыш пен химиялық препараттар көлемі үнемделіп, олардың егінге әсері тиімдірек болады.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.



Музыка өнерінің тарланы

2025 жылы қазақ музыка өнерінің аса көрнекті өкілі, композитор, қоғам қайраткері, Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Еркеғали Рахмадиевтің туғанына 95 жыл толып отыр.

Еркеғали Рахмадиев 1930 жылы 1 тамызда Семей облысы Шұбартау ауданының тоғызыншы ауылында дүниеге келген. Ол XX ғасырдағы қазақ кәсіби музыкасының жаңа белестерге көтерілуіне зор үлес қосқан тұлға. Оның шығармашылығы ұлттық дәстүр мен әлемдік музыкалық тәжірибені шебер ұштастыруымен ерекшеленді.

Өмір жолында Рахмадиев үлкен биіктерді бағындырды. Ол – КСРО халық әртісі, Республиканың халық әртісі, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор. Сондай-ақ Мемлекеттік консерваторияны сегіз жыл басқарды, 27 жыл бойы Қазақстан Композиторлар одағының тұрақты төрағасы болды. КСРО Композиторлар одағының хатшысы, республика мәдениет министрі қызметтерін де абыроймен атқарды.

Композитордың шығармашылық мұрасы аса бай. Ол «Қамар-сұлу» (1963), «Алпамыс» (1972) секілді алты операның, «Абылай хан» (1999) сияқты көрнекті туындылардың авторы. Сонымен бірге оркестрлік, вокалдық-хорлық, театрлық-сахналық, камералық-аспаптық шығармалар, көптеген әндер мен романстар жазды. Музыкалық өнерді дамытудағы ерекше еңбегі үшін Е.Рахмадиев 2005 жылы «Жыл адамы» атанды. Оның музыкасы қазақ халқының тарихы мен тағдырын, рухани болмысын бейнелейтін терең мазмұнымен құнды.

Осындай дарынды тұлғаны дәріптеу мақсатында Мұқан Төлебаевтың мемориалды музей қызметкерлері 2025 жылдың 18 тамызында «Музыка өнерінің тарланы» атты көрме өткізді. Көрме барысында Еркеғали Рахмадиевтің өмірі мен шығармашылығынан сыр шертетін құжаттары, кітаптары, суреттері, өзі қолданған мұралары, жеке заттары, отбасылық тұрмыстық бұйымдары, сондай-ақ «Абылай хан» операсына қатысты қолжазбалары, қолданған өшіргіші мен қарындашы, сахналық костюмі мен жейдесі, сыйлыққа алған ағаш кубогы, Құддыс Қожамияров әкелген желпуіші, қызметтік және депутаттық куәліктері, Клара Рахмадиева арнаған жапондық «Батика» стиліндегі суреті көрермен назарына ұсынылды.

Бүгінде Рахмадиевтің туындылары ұлттық мәдениетіміздің алтын қазынасына айналды. Оның шығармалары концерттік сахналардан әлі күнге дейін орындалып, халық жүрегінен берік орын алып келеді.

Еркеғали Рахмадиевтің 95 жылдығы – тек бір композитордың мерей тойы ғана емес, қазақ музыкасының ұлы мерекесі. Асқақ саздары мен рухани мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, халқымыздың мәдени болмысын байыта бермек.

Д. ТУНГАТОВА,

Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінің экскурсия жүргізушісі.

Жабайы жеміс ормандарының қазіргі жағдайы

«Жоңғар – Алатауы МҰТП» аумағындағы Сиверс алмасы өсетін орманды алқаптар әлемдік деңгейде маңызды болып саналады – ол қазіргі мәдени алмалардың жабайы арғы тегі.

Жабайы жеміс ормандары – адам қолымен отырғызылмаған, табиғи түрде өсетін жеміс ағаштары мен бұталары кездесетін орман алқаптары. Жабайы жемісті ормандарда алма, өрік, шие, итмұрын, жаңғақ, долана сияқты жемістер өседі. Қазіргі кезде жабайы жеміс ормандары түрлі себептерге байланысты қысқаруда атап айтсақ заңсыз ағаш кесу, орман алқаптарының егістікке немесе жайылымдық жерге айналуы, климаттық жағдайлардың әсері (жауын шашынның азаюы, температураның жоғарылауы орманды құрғақшылыққа ұшыратады) зиянкестер мен аурулардың әсерлерін жатқызамыз. Жеміс ормандарының өте пайдалы тұсына топырақтың құнарлығын сақтап, эрозиядан қорғап ылғалдылықты сақтайды. Жабайы жеміс ормандарын қорғау мен қалпына келтіру мақсатында Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, қорықтар мен резерваттар құрылған. Жабайы түрлерді көбейту мақсатында жеміс ағаштарын өсіріп, қайта отырғызу жұмыстары жүргізілуде.

Жоңғар – Алатауы МҰТП аумағындағы жабайы жеміс ормандары қанағаттанарлық жағдайда. Қазіргі таңда бұл ормандар ерекше қамқорлықты қажет етеді.

Қ. ЕЛЕУСИЗОВ,

"Жоңғар – Алатауы" МҰТП аға ғылыми қызметкері.



Архив қоймаларынан істерді, құжаттарды алу-беру тәртібі

Бүгінгі таңда, архив саласында «Жетісу облысы мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Сарқан филиалында атқаратын негізгі міндеттердің біріне құжаттарды алу-беру тәртібі жатады. Сондай-ақ, «Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық жеке архивтердің қабылдау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидалары архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтердің жинақтау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларында» құжаттарды алу-беру қызмет түрі көрсетілген. Архивтің оқу залындағы пайдаланушыларға және жұмыс күй-жайларына архив жұмыскерлеріне қызметтік мақсатта архивтік құжаттар архив меңгерушісінің жаз-баша рұқсатымен беріледі. Қор құрушыларға, сот өкілдеріне, құқық қорғау және өзге де уәкілетті органдарға архивтік құжаттарды архив қоймасынан уақытша пайдалануға беру архив басшысының немесе оның орынбасарының жазбаша рұқсатымен беріледі.

Архив қоймасынан архивтік құжаттарды берерден бұрын және оларды қайтадан қабылдап алуды, құжаттардың бар-жоғын және жай-күйін парақтап тексеруді архив қоймасының жауапты қызметкері жүргізеді. Архив қоймасынан архивтік құжаттарды және істерді берген кезде архив шифрлері мен тақырыптарын тізімдемемен салыстыру керек. Құжаттардағы архив шифрін тізімдемемен салыстырып тексерген кезде істің мұқабасы мен титулдық парағының дұрыс толтырылуы тексеріледі. Көп түзетулер енгізу қажет болған жағдайда мұқабасы мен титулдық парағы ауыстырылады, ескі мұқабасы сақталады. Құжаттарды қайтарып алу кезінде құжаттардың физикалық жай-күйі парақтап тексерілуі тиіс.

Архивтік құжаттарды уақытша пайдалануға беру туралы актімен ресімделеді және архивтік құжаттарды, пайдалану қорының көшірмелерін қоймадан уақытша пайдалануға беру кітабына тіркейді. Құжаттарды архивке қайтару кезінде беру кітабына қайтарылғаны туралы белгі қойылады.

Қазіргі кезде, Сарқан филиалының архив қоймаларынан оқу залына құжаттарды беру тәртібі аудан, қала, ауылдық округтерінің мамандарына, бөлімдер, мекемелер, мектептер және де басқа мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың мамандарына жоғарыда аталғандай қағида талаптарына сәйкес жұмыс түрлері қарқынды жүргізіледі.

Н.БОКУШБАЕВА,

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Сарқан филиалының архивісі.

«Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділерін беру» мемлекеттік қызметі

Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры және архивтер туралы Заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Мемлекеттік архив – Ұлттық архив қорының құжаттарын жинау, сатып алу, жинақтау, ретке келтіру, тұрақты сақтау, мемлекеттік есепке алу мен пайдалану құқығы берілген мемлекеттік мекеме. Архив ісі саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы №159 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады. Архив тарапынан көрсетілетін қызмет негізінде ұсынылатын «Архивтік анықтама», «Архивтік көшірме», «Архивтік үзінді» - құжаттары туралы айта кетсек: Архивтік анықтама – ұйымның хат бланкісінде жасалған, жеке және заңды тұлғаларға қажетті ақпаратты жасауға негіз болған архивтік құжаттардың сақтау бірліктерінің архивтік шифрлері мен парақ нөмірлері көрсетілген осы ақпаратты қамтитын, заңды (түпнұсқа) күші бар құжат; Архивтік көшірме – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі №576 қаулысымен бекітілген Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архив құжаттарын мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтермен толықтыру, сақтау, есепке алу және пайдалану қағидасының 431-тармағына сәйкес архивтік шифр және сақтау бірлігі парақтарының нөмірлері көрсетілген, ресімделген, архивтік құжаттағы мәтінді сөзбе-сөз көрсететін көшірме; Архивтік үзінді – архивтің хат бланкісінде жасалған, архивтік құжат мәтінінің белгілі бір фактіге, оқиғаға, адамға қатысты бөлігін сөзбе-сөз көрсететін сақтау бірліктерінің архивтік шифрі мен парақтар саны көрсетілген құжат.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (өтінішпен көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (Мемлекеттік корпорация) не "электрондық үкімет" www.egov.kz (портал) веб-порталы арқылы жүгінеді.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, оның көшірмесіне кеңсе қызметкерінің тегін және күнін көрсете отырып қабылданғаны туралы белгі қойылады, портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі. Құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорация арқылы тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жеке басын куәландыратын құжатты, немесе цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжатты (жеке басын сәйкестендіру үшін ұсынылады) және заңды тұлға үшін – өкілеттігін растайтын құжат не жеке тұлға үшін – нотариалды куәландырылған сенімхат (уәкілетті өкіл жүгінген кезде) ұсынады.

Архивтік анықтама дайындау барысында жауапты орындаушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар Мемлекеттік корпорациядан келіп түскен сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінгенде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі 11 (он бір) жұмыс күні ішінде беріледі. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін екі және одан да көп ұйымдардың және (немесе) 5 (бес) жылдан астам кезеңнің құжаттарын зерделеу қажет болған жағдайда, жауапты орындаушы қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзімінің 25 (жиырма бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылғандығы туралы көрсетілетін қызметті алушыны хабардар етеді.

Құжаттар (мәліметтер) мемлекеттік сақтауда болмаған жағдайда жауапты орындаушы құжаттар түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіде сұратылған құжаттардың (мәліметтердің) мемлекеттік сақтауда жоқ екендігі туралы немесе сұранымды тиесілігі бойынша басқа мемлекеттік немесе ведомстволық архивке жолданғандығы туралы жауап дайындайды. Архивте сақталатын архивтік құжаттардың құрамына жатпайтын сұрау салу тіркелген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей тиесілігі бойынша қажетті архивтік құжаттар сақталатын басқа мемлекеттік немесе ведомстволық архивке жіберіледі және бұл туралы көрсетілетін қызметті алушы хабарланады.

Осы орайда «Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің Сарқан филиалы жеке және заңды тұлғаларға "Архивтік анықтамаларды, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділерді беру" атты мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді. «Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Сарқан филиалы 2025 жылдың 1-ші жартыжылдық қорытынды есебі бойынша 1623 әлеуметтік-құқықтық сұранымның 1383 оңды, 203 теріс жауаппен орындап, 37 сұранысты басқа архивтер мен мекемелерге жолдады. Оның ішінде электрондық портал, «Е-архив.kz», Е-өтініш, Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы және пошта, қолма-қол арқылы - 1623 сұраным қабылданып, орындалды.

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Сарқан филиалы жеке және заңды тұлғаларға сапалы қызмет көрсетуді басты мақсатта ұстайды.

Ж. УНЕРХАНОВА,

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Сарқан филиалының жоғарғы санатты архивісі.

ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ҚАСИЕТТІ БОРЫШЫ

Асқақтықтың белгісі саналатын ту, еркіндіктің жаршысы – елтаңба, әр сөзі жігер мен рухқа толы – әнұран тәуелсіздігіміздің нышаны іспеттес. Осындай ұлттық рухты оятып, жігерлендіретін рәміздерімізді қорғау, қастерлеу баршамызға міндет. Қазақстан Республикасының рәміздері



– елдің тәуелсіздігін, тарихын, мәдениетін және бірлігін бейнелейтін маңызды ұлттық нышандар. Әрбір рәміздің өзіне тән ерекшелігі мен мағынасы бар, олар еліміздің болашағы үшін ерекше орын алады. Рәміздерді қорғау және оларды құрметтеу – әрбір азаматтың қасиетті борышы.

Жырда аудандық әкімдіктің үлкен мәжіліс залында аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғонысовтың төрағалығымен Мемлекеттік рәміздердің қолданылуы жөнінде жиын болып өтті. Аталмыш жиынға жұмысшы топ мүшелері, қала және ауылдық округ әкімдері, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің қолданылуы міндетті болып табылатын ұйымдар мен мекемелердің бірінші басшылары, БАҚ өкілдері қатысты.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Сарқан ауданы бойынша білім беру мекемелерінде орналасқан мемлекеттік рәміздердің жай-күйі, пайдалану саласындағы заңнаманың сақталуы және ағымдағы жылдың 1 жартыжылдығында жұмысшы топпен жүргізілген зерделеу жұмыстарының қорытындысына сәйкес орын алған кемшіліктер бойынша қабылданған шаралар туралы Сарқан ауданы бойынша білім бөлімінің бас маманы Назгүл Беисова, Сарқан қаласының облыстық №3 арнайы мектеп-интернатында орналасқан мемлекеттік рәміздердің жай-күйі және орын алған кемшіліктер бойынша атқарылған жұмыстар жайлы облыстық №3 арнайы мектеп-интернатының директоры Бақытгүл Сарсембаева және Лепсі ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде орналасқан мемлекеттік рәміздерді пайдалану саласындағы заңнаманың сақталуы және жұмысшы топпен жүргізілген зерделеу жұмыстары барысында орын алған кемшіліктер бойынша атқарылған жұмыстар турасында Лепсі ауылдық округінің әкімі Қияс Ақтөренің есебі тыңдалды.

Жиынды қорытындылаған Алмас Ажарханұлы баяндамашыларға нақты тапсырмалар жүктей келе, жиналғандарға мемлекеттік рәміздерді лайықсыз пайдалану әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке алып келетіндігін ескертіп, тәуелсіздігіміздің басты нышандары әрбір мекемеде лайықты жағдайда болуын қатаң қадағалауды тапсырды.

Өз тілшіміз.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ 40% АСТАМЫН ТАЗА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІС ҚҰРАЙДЫ

Салымшылардың жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтары олар аударатын жарналардан және зейнетақы активтерін басқару нәтижесінде алынған инвестициялық кірістерден құралады. Барлық зейнетақы активтері БЖЗҚ-ға біріктірілген сәттен бастап (2014 жылғы 1 сәуір) 2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жинақтардың жалпы көлеміндегі таза инвестициялық кірістің үлесі жүргізілген төлемдерді ескергенде 40,5% құрайды, жинақталған таза инвестициялық кірістің көлемі 12,18 трлн теңгеден асты.

2025 жылдың алғашқы айларында байқалған қысқа мерзімді ауытқуларға қарамастан, 6 айдағы инвестициялық кіріс шамамен 350,7 млрд теңгеге жетті. ҚРҰБ басқаратын және міндетті, міндетті кәсіптік және ерікті жарналар есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің кірістілігі 2024 жылғы шілдеден бастап 2025 жылғы маусымға дейінгі соңғы 12 айда 12,22% құрады. Бұл кезеңдегі инфляция 11,8% тең болды. ЖМЗЖ-ның 2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша соңғы 12 айдағы табыстылығы 12,15%.

Егер неғұрлым ұзақ кезеңді қарастыратын болсақ, онда орта және ұзақ мерзім ішінде зейнетақы жинақтарының жинақталған инфляция деңгейінен асатын оң нақты кірістілігі қамтамасыз етіледі. Мәселен, 1998 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған сәттен бастап 2025 жылғы 1 шілдеге дейін жинақталған инвестициялық кірістілік 996,28% құрады. Бүкіл кезеңдегі инфляция - 892,73% тең.

Жоғарыда келтірілген сандар зейнетақы активтерінің жекелеген қысқа мерзімді кезеңдердегі кірістілігі оларды басқару тиімділігінің көрсеткіші бола алмайтындығын растайды. Өйткені қысқа мерзім ішінде есептелген қаржы құралдары және басқа операциялар бойынша сыйақы түріндегі кірістер әрдайым осы кезеңдегі бағалы қағаздар мен валюта бағамдарының өзгеруін жаба бермейді. Сондықтан инвестициялық кірісті объективті бағалауды кем дегенде бір жыл ішінде жүргізген жөн.

Сондай-ақ, Қазақстанда инфляция деңгейін ескере отырып, міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына бірегей кепілдік берілетінін еске саламыз. Салымшының төлемге құқығы басталған кезде жинақталған кірістілігіне кері әсерін тигізген жекелеген кезеңдердегі кірістіліктің төмендеуі жағдайында айырманың өтемақысына мемлекет кепілдік береді.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алу жүйесі толықтай ашық: әрбір салымшының eprf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетінен өзінің инвестициялық кірісін көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың (www.eprf.kz) ресми сайтындағы «Статистика және аналитика/Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару» бөлімінде жарияланады.

"БЗЖҚ" АҚ баспасөз орталығы.

•101 ескертеді

Өрт қаупі мол кезең

Өрт қаупі мол кезең-жаз айлары, оның барысында өрттер мен жанулардың неғұрлым қарқынды пайда болуы байқалады. Жыл бойы өрттердің белгілі бір санаттарына тән бірнеше осындай кезеңдер байқалады.

Өрттің алғашқы себебі көп жағдайда адамның дұрыс емес мінез-құлқы болып табылатындықтан, заңнамалық актілер қандай да бір өрт қауіпті кезең ішінде белгілі бір шектеулер мен тыйымдарды қарастырады. Сондықтан, кәсіпорындар мен ұйымдарда өрттің алдын алу мақсатында табиғатта жүріс-тұрыс ережелері, өндірістегі және тұрмыстағы алдын алу іс-әрекеттері туралы дәрістер мен әңгімелер өткізіледі, эвакуациялау, сөндіру және зардап шеккендерге шұғыл көмек көрсету шаралары бойынша тренингтер өткізіледі. Табиғаттағы өрттердің алдын алу мақсатында тұрғындарға өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң және жауапкершілікпен сақтау қажет:

- жанып жатқан сіріңкелерді, темекі тұқылдарын лақтыруға және шылым шегу түтіктерінен ыстық күлді қағуға жол берілмейді;
- қылқан жапырақты жас шыбықтарда, ескі жанарғыларда, бүлінген орман учаскелерінде (жел соққан, дауыл соққан), кесілген ағаш қалдықтары мен дайындалған сүрегі бар кеспеағаштарда, қураған шөбі бар жерлерде, сондай-ақ ағаштар ұшарбасының астында от жағуға жол берілмейді;
- оттың орман және дала алқаптарынан елді мекендерге өтуіне жол бермеу үшін елді мекендердің аумағын тазалау, құрғақ өсімдіктерден тазарту және минералдандырылған жолақтарды қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жүргізу;
- табиғи өрттер туындаған жағдайда дереу 101, 112 телефондары бойынша өртке қарсы қызметке хабарлау қажет.

Е. ТУРСУНОВ,

Сарқан ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы.

Ережеге бағыну қажет

Жаз маусымы басталысымен, күннің күрт ысуына байланысты табиғи өрттің орын алу қаупі жиіледі. Биылғы маусым аңқа кептірген аптап ыстықпен басталды. Осындай аптап ыстық пен қуаңшылық кезеңінде дала төсіндегі, ормандардағы өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаудың маңызы өте зор. Өрттің басым көпшілігі шөп, көк мол шабындық, жайылым жерлерге, орман алаптарына көршілес орналасқан шаруа қожалықтары және ауыл шаруашылығы ұйымдарына тиесілі шабындықтарда жүріп жатқан жұмыстар кезінде техникалардан шыққан ұшқын, далада от тұтату, түрлі қалдықтарды жағу салдарынан басталады. Сондай-ақ табиғат аясында демалушылар мен тұрғындардың өрт қауіпсіздігін сақтамауы да орны толмас қайғылы оқиғаларға алып келіп жатады. Адамдардың алаңғасарлығы, немқұрайдылығы, мәдениетсіздігі ойланбай тасталған темекі тұқылы, сөнбей қалған от осының барлығы табиғи өрттердің шығуының негізгі себептері болып келеді. Өрт қауіпті кезең барысында өрт қауіпсіздік ережелерін сақтауларыңызды сұраймын.

Т. ТӨЛЕГЕН,

Сарқан ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері.

Жылыту маусымындағы қауіпсіздік

Жылыту маусымында өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау – тұрғын үйлер мен ғимараттарды қауіпсіз жылыту үшін маңызды талап. Жылыту жүйелерін, әсіресе пештерді пайдалану кезінде өрт шығу жағдайлары көбіне қауіпсіздік ережелерін бұзудан туындайды. Пештердегі жарықтар, түтін құбырларының бітелуі және дұрыс орнатылмаған құрылғылар қайғылы салдарға – өрт пен улы газбен улануға әкелуі мүмкін.

Улы газ – иіссіз, түссіз және өте қауіпті газ. Бұл газ оттың толық жанбауынан пайда болады. Адамның ағзасына түскен кезде, гемоглобинмен байланысып, оттегінің таралуына кедергі жасайды, нәтижесінде адам тұншығады.

Жылыту маусымындағы өрт қауіпсіздігі ережелері: Жылыту құралдарын пайдаланған кезде бұзылған немесе оқшаулауы зақымдалған құрылғыларды қолдануға тыйым салынады; Жанғыш заттардың қасында электр жылытқыш құрылғыларды орнатуға болмайды; Жеке секторларда от жағу үшін жанғыш сұйықтарды (бензин, керосин и т.б.) қолдануға тыйым салынады; Түтін құбырларын күйеден әр 3 ай сайын тазалау қажет; Қақпақтары сынған, есігі бұзылған немесе жарықтары бар пештерді пайдалануға тыйым салынады; Өзіндік жасалған пештерді пайдалануға рұқсат етілмейді; Пешті жөндеу және орнату кезінде тек мамандардың қызметіне жүгіну қажет.

Р. АХМАРОВ,

Сарқан ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы.

Сақтықта қорлық жоқ

Тұрғын үй секторындағы өрттердің өсуінің негізгі себебі – пешпен жылытуды және электрмен жылыту аспаптарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтамау болып табылады.

Сіздің үйіңізде өрттің алдын алу үшін өрт қауіпсіздігінің негізгі ережелерін есте сақтаңыз:

- жылыту құралдарын пайдалану кезінде оқшаулағышы зақымдалған электр сымдарын пайдалануға тыйым салынады;
- электр жылыту құралдарын жанғыш заттардың жанына орнатпаңыз;
- үйден шыққан кезде барлық электр жылыту құрылғыларын өшіруді ұмытпаңыз;
- жылыту маусымы басталар алдында және әрбір үш ай сайын жылыту маусымы бойы түтіндіктерді күйеден тазалауды ұмытпаңыз;
- жанып жатқан пештерді, қосылған электр қыздырғыш және газ аспаптарын қараусыз қалдырмаңыз;
- электр желісіне электр желісінің артық жүктелуіне әкелетін бірнеше қуатты электр тұтынушыларын бір мезгілде қосуға жол бермеңіз;
- пәтерде газ иісі болса, электр жарығын қосуға, сіріңкені жағуға, темекі шегуге, ашық отты пайдалануға жол бермеңіз, газ плитасы жанғанда, камин жанғанда, пеш жанғанда немесе электр аспаптары жанғанда балаларды үйде жалғыз қалдырмаңыз.
- Өрт шыққан немесе түтін шыққан жағдайда өрт сөндіру қызметіне нақты мекен-жайын көрсете отырып, "101" немесе "112" нөмірлері бойынша дереу хабарласыңыз.

М. САРКУЛОВ,

Сарқан ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің инженері.

Ардагерлер – ізгілікке жол ашушылар

Жаңа оқу жылы қарсаңында елімізде дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан "Мектепке жол" республикалық қайырымдылық акциясына Сарқан ауданының ардагерлері де белсене атсалысты. Аудандық Әжелер кеңесінің төрайымы Ұлжан Өзбекханқызының ұйымдастыруымен өткен бұл игі шара – үлкендердің жастарға деген жанашырлығының, қамқорлығының жарқын үлгісі болды.

Аталған іс-шараға аудандық білім бөлімінің әдіскері Батыр Қалиев және республикалық «Ізгілік» журналының тілшісі Сандуғаш Азизқызы қатысты. Аудандық аналар кеңесінің төрайымдары К.Таймасова, К.Қалиева, Е.Сүдірбаева, Ф.Тажиева, С.Ералина, С.Нурахметова, М.Жантасова, Р.Алиева, М.Сағымбаева, А.Есимова, Т.Чабденова, К.Кадирсизова, Ш.Асқарғалиева, М.Жантасова, Р.Ахмадиева, Ұ.Смаханова және басқа да ардагерлер белсенді қатысып, 12 әлеуметтік қолдауға мұқтаж отбасылардың балаларына оқу құралдары мен мектепке қажетті жабдықтарды алып беріп, жүрек жылуын сыйлады.



– Бұл – жай ғана көмек емес, бұл – жас ұрпаққа жол ашу, болашаққа сенім ұялату, – дейді Ұлжан Өзбекханқызы. – Біз балалардың шат күлкісін, мектепке қуанып барғанын көргіміз келеді. Бұл – біздің парызымыз.

Қайырымдылық пен қамқорлық – халқымыздың қанына сіңген асыл қасиет. Осындай игі істерге бастамашы болып, ізгі жолда жұдырықтай жұмылып еңбек еткен ардагер аналарымыздың еңбегі шексіз алғысқа бөленуге лайық! Аудандық ардагерлер үйінде мектепке баратын оқушылар мен ата-аналар арасында сыйластық пен адамгершілік сезімі орнап, балаларға арналған балмұздақ таратудың өзі балаларға деген ерекше құрмет болды. Акция аясында балаларға ауданның Құрметті азаматы Садуақас Садықов ізгі ниетін білдірсе, ардагер ұстаз Б.Есіркегенов ақ батасын беріп, шығарып салды.

П.ЖЕҢІСХАН.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықбұзушылықты болдырмау үнемі назарда ұсталып келеді. Аталған бағытта атқарылып жатқан шаралардың басты мақсаты – мемлекеттік органдардың және азаматтық қоғам институттары қызметін үйлестірудің тиімділігін арттыру жолымен қоғам өмірінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету. Сыбайлас жемқорлық – адамдардың қоғамның демократиялық бастауларына, заң мен шындыққа, айналып келгенде билікке деген сенімін әлсіретеді.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние – байлық неге керек, денсаулығың болмаса, Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз барша еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, біз жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

Т. АХУНОВ,

«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ-нің Табиғи қорық қорын қорғау және қалпына келтіру бөлімінің басшысы.

Аудан тұрғындарының назарына!

«Сарқанирригация» шаруашылық жүргізу құқығындағы су шаруашылық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны, табиғи монополия заңының 25 бабы 6 бөлігін басшылыққа ала отырып, **27 – тамыз 2025 жылы сағат 10:00-де су тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы жиын өткізеді.**

Мекен жайы: Сарқан қаласы Абай көшесі 99.

Сен туған күн, мерекеніңен!

Сарқан көпсалалы колледжінің қызметкері, ардақты әріптесіміз **Маратхан Махсумбекті** тамыз айының 20 жұлдызы күнгі туған күнімен, мерей есірер мерей-тойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл — жарты ғасырлық өмірдің асқар белесі. Алдыңыздан әрдайым ақ жол ашылып, деніңіз сау, көңіліңіз тоқ, өміріңіз шаттыққа толы болсын! Ұзақ ғұмыр, баянды бақыт, отбасылық амандық тілейміз!

50 жас бұл — ақыл мен парасаттың, тәжірибе мен жетістіктің жасы. Алда әлі талай асулар мен табыстар күтіп тұр. Қашан да биіктен көрініп, шат-шадыман ғұмыр кешіңіз! Деніңіз сау, көңіліңіз шат, отбасыңыз аман болсын! Әр күніңіз берекелі, әр қадамыңыз сәтті болғай!

Қуаныш пен шаттық серік болсын,

Өмір жолы әрдайым жарық болсын.

Денсаулық, бақыт, береке тілейміз,

Әр күніңіз тек жақсы жаңалықпен толсын!

Ізгі ниетпен: Сарқан көпсалалы колледжінің ұжымы.



Құрметті азаматтар!

Сіздерге өтініш – мына QR кодтағы сауалнаманы толтырып шығуға 2-3 минут уақытыңызды бөлсеңіз. Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің бастамасымен жүргізіліп жатыр. Сауалнама анонимді, жеке басыңызға қатысты ешқандай ақпарат талап етілмейді.

Сіз беретін жауаптар еліміздегі отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және халықпен жұмысты жетілдіру үшін аса маңызды. Әрбір жауабыңыз – қоғам қауіпсіздігіне қосқан үлесіңіз болып саналады!

Өтініш, сұрақтарға шынайы жауап беріп, соңына дейін толтыруды ұмытпаңыз. Сауалнамадан өтуді кейінге қалдырмай, дәл қазір толтыруыңызды сұраймыз.



Уважаемые граждане!

Просим вас уделить несколько минут и пройти опрос по этому QR коду. Исследование проводится по инициативе Министерства внутренних дел РК. Опрос анонимный — никакие персональные данные не запрашиваются.

Ваши ответы крайне важны для совершенствования профилактики семейно-бытового насилия и улучшения работы полиции с населением. Каждый ответ — ваш вклад в безопасность нашего общества!

Пожалуйста, ответьте честно и не откладывайте прохождение опроса на потом — это займёт всего пару минут.

Сарқан ауданы ПБ.

Хабарландыру!

Құрметті Сарқан ауданының тұрғындары! Ауданымызда ағымдағы 2025 жылғы 13 тамыздан бастап «Талдықорған – Үшарал» магистральдық газ құбырының 0 км – 302,441 км учаскесінде құбырдың ішкі жүйесін азотпен үрлеу және кейіннен табиғи газбен толтыру жұмыстары жүргізілетінін хабарлаймыз.

Аталған жұмыстар құбыр бойында орналасқан 6 автоматтандырылған газ тарту станциясын қамтиды.

Жұмыстардың жүргізілуіне байланысты аумақта уақытша шектеулер орын алуы мүмкін. Осыған байланысты түсіністік танытуларыңызды сұраймыз.



Сарқан аудандық тұрғын үй, коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі.

Хабарландыру

► **Отарбеков Арман Абдулдаевичтің** атына тіркелген ВАЗ 21013 автокөлігінің В 459 ЕОО мемлекеттік тіркеу нөмірі, BS 00030594 санды техникалық тіркеу куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Базаров Адилет Асановичтің** атына тіркелген HONDA DIO AF - 35 маркалы көліктің 75LG02 мемлекеттік тіркеу нөмірі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.